

Қазақтың Ерлер біріндегі Жаттығулар



Дайындаған:
Хореография пәні
мұғалімі:
Берегенова А



Сабақтың тақырыбы:



Қазақтың ерлер биіндегі секіртпе түрлері

*Сабақтың
мақсаты:*

Білімділік

*Оқушыларға
халқымыздың
ұлттық би өнері
жайлы
түсінік беру*

Дамытушылық

*Қазақтың ұлттық
би өнері және
қазақстанда тұратын
басқа да ұлттардың
би өнерімен
таныстыра
отырып, биге,
өнерге
қызығушылығын
арттыру.*

Тәрбиелік

*Ұлттық тәрбие көзі
ретінде халық би өнерінің
көркем эстетикалық
тұстарын тереңірек
талдау
арқылы оқушыларды
өз отанының нағыз
азаматы болуға баулып,
оның ұлттық
көзқарасымен санасын
ояту*

Қажымұрат Шешенқұлұлы

«Қара жорға»
өнер
ұжымының
көркемдік
жетекшісі

Жас әнші

1983 ж

ҚХР-ның
Алтай өңірінде
дүниеге келген

2004 жылы
үлкен
сахнада өнер
көрсеткен

70-ке жуық
әнібар 30-дан
астам әнін де
сөзін де өзі
жазған

15
жасынан
өлең
жазған

Үй ішінде бастау алып, бүгінге дейін өркендеп келеді

Алуан түрлі дене қимылдарымен билеген

Ежелгі қазақ билерінің биленуі

Мимика арқылы билеген

Түрлі буын қозғалыстарымен билеген





АТЫ-ЖӨНІ

1.ӨМІРБАЯНЫ

2.ҚЫЗМЕТІ (ИГЕРГЕН САЛАСЫ)

**3.ЗАМАНДАСТАРЫ
(ШӘКІРТТЕРІ)**

4.ЖАНРЫ

**5.МУЗЫКАЛЫҚ
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

6.МАРАПАТЫ

**7.ҒҰМЫРЫ (ҚАЙТЫС БОЛҒАН
ЖЫЛЫ)**

Шара Жиенқұлова.



Қазақстанның халық артисі Шара Жиенқұлова – қазақтың кәсіби өнеріндегі дара дарындардың бірі. Ол драма театрында актер, одан соң опера театрында биші болды. Ш.Жиенқұлованың әсіресе ұлттық және кәсіби би өнеріне қосқан үлесі өлшеусіз. Ол бұл салада көптеген ұрнақтар легін тәрбиелеп шығарды. Сонымен бірге Ш.Жиенқұлова – кино өнеріне де еңбек сіңірген дарынды актер.



ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВА

1.Өмірбаяны. Шара Баймолдақызы Жиенқұлова 1912 жылы 18 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Гүлшара. Әкесі Баймолда күллі Жетісу өңіріне әйгілі молда адам болған. Шара 16 жасында «Биші қыз» атағын иеленді. Үлкен сахнадағы өнер жолын жолдасы Құрманбек Жандарбековпен бірге Қазақ драма театрында бастаған. 1924-1930 жылдары Шара Жиенқұлова Қазақ Педагогикалық Институтының тарих факультетінде оқыды.

2.Қызметі

- 1934-1940 жылдары Музыкалық драма театрында жұмыс жасады.
- 1940-1962 жылдары Қазақ филармониясында қызмет етті.
- 1962-1966 жылдары Қазақ ән-би ансамблінің басшысы қызметін атқарды.
- 1966-1975 жылдары Алматы хореография училищесінің директоры болды.
- Биші. ұстаз, өнер қайраткері, кино және театр актрисасы

3.Замандастары: К.Байсейітова, Ә.Өмірзақова.

3.1. Шәкірттері: 1) Қазақстанның халық артисі – Г.Талпақова.

2) Қазақстанның еңбек сіңірген артистері: Қ.

Қарабалина,

Б.Байжұманова.

ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВА

→ **4.Жанры** – би. Би дегеніміз – саз ырғағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне өнер түрі.

→ 4.1. Классикалық би дегеніміз – би өнеріндегі канонға айналған көркемдік тәсілдер жүйесі. Ол сахналық кейіпкерді тұлғалауда поэтикалық принципке негізделеді. Классикалық Биде қаһарманның ой толғанысы мен сезім дүниесі пластикалық қимыл арқылы ашылады.

→ 4.2. Ұлттық би дегеніміз – белгілі бір ұлтқа тән ерекшелігі бар соған негізделе көрсетілетін өнер түрі.

→ **5.Шығармалары:**

→ 5.1. «Өмірім менің – өнерім», «Сымбат», «Би құпиясы», «Қазақ биі» атты кітаптары бар.

→ 5.2. «Айжан қыз», «Қара жорға», «Тәттімбет», «Қырық қыз» т.с.с. билерді дүниеге әкелді.

6. Марапаттары:

6.1. 1936 – Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі

6.2. 1938 – Қазақ КСР халық әртісі

6.3. 1968 – Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

6.4. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен


6.5. Ленин орденімен

6.6. , «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

7. Ғұмыры. Шара Жиенқұлова 1991 жылы 21 мамырда сексенге қараған шағында Алматы қаласында көз жұмды.



XIX ғасырда өмір сүрген белгілі өнер иесі ел аузында Ағашаяқ атанған Рахымберді шөктірілген тоғыз түйенің үстінде секіріп жүріп, би қимылдарын жасайтын болған. XX ғасырдың жиырмамыншы жылының басында Диуана атанған, ел жұртқа белгілі өнерпаз Зәрубай “Қоянды” жәрмеңкесінде қоян болып киініп, күлкілі “Қоян биін” орындаған.



Қазақтың
ерлер биінің
қимыл —
қозғалыстары
ерлердің
күнделікті іс-
әрекетінен
алынған
мысыалы:
Жаугершілік
өмірден,
қазақтың
ұлттық
ойындарынан
, табиғаттан
т.б



Қазақтың ұлттық би өнері ерте замандардан бастау алып, күні бүгінге дейін өркендеп келеді. Би өнері халқымыздың салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындаған.





Қазақтың ежелгі би өнері үлгілері жөнінде дастандарда, ертегілерде, батырлар жырларында да айтылып отырады. Белгілі музыкалық шығармалар, күй әуендері биді сүйемелдеу үшін пайдаланылған. Мысалы, “Қаражорға”, “Бүркіт биі”, “Қаз-қатар”, “Насыбайшы”, “Құсбегі-дауылпаз”, “Аю-би”, “Киіз басу”, “Өрмек тоқу”, “Аққу”, “Ортеке” және т. б билер сондай әдіс-тәсілмен орындалған.



Сондай- ақ кезінде драммалық театрдың артисі болған Рахым Асылбекұлы да “Қаражорға”, “Қазақ бий”, “Ортеке” билерін асқан шеберлікпен орындаған.




Үйге тапсырма:

- *Қазақстанның бишілері туралы мәліметтерді ізденіп, қосымша оқу.*
- *Қазақ биі “Ұтыс” би этюдін жетілдіріп меңгеріп келу.*



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!





ALLDAY

